

Қазақстан  
Республикасының  
Ұлттық Банкі



Қазақстан  
Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту агенттігі

Нұр-Сұлтан қаласы

Алматы қаласы

2020 жылғы «18» қыркүйек  
№ 230

2020 жылғы «18» қыркүйек  
№ 361

## БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**«Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы»  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылғы 15 тамыздағы  
№ 209 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 324  
бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 48 қаулысына сәйкес, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуын болдырмау мақсатында,  
**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 209 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 324 бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. 2020 жылғы 21 қыркүйектен бастап:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бірлескен бұйрыққа қосымшада көрсетілген субъектілер:

халыққа қызмет көрсеткен кезде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим шараларын қатаң сақтаған жағдайда, өндірістік қажеттілік кезінде қашықтан жұмыс істеу режиміне филиалдың

(бөлімшенің, пункттің) штат санының кемінде 30 % (отыз пайыз) қызметкерлері ауыса алатын екінші деңгейдегі банктердің филиалдарын (бөлімшелерін, пункттерін) қоспағанда, жалпы штат санының кемінде 50% (елу пайыз) қызметкерлерінің қашықтан жұмыс істеу режиміне ауысуын қамтамасыз етсін;

қызметтерді онлайн-режимде барынша көрсетуді қамтамасыз етсін;»;

2) және 3) тармақшалар алып тасталсын.

2. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) және Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Банктерді реттеу департаменті (Қизатов О.Т.), Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Медеу Е.А.) және Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев А.Л.) осы бірлескен бұйрықты қаржы нарығы субъектілеріне жіберсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы**

**Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігінің Төрағасы**

\_\_\_\_\_ **Е. Досаев**

\_\_\_\_\_ **М. Әбілқасымова**